

К. Қабдолдина 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ИСЛАМҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ: ҚАЗІРГІ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМА

Мақалада Ресей империясындағы мұсылмандар мәселесіне қатысты шетелдік авторлардың пікіріне талдау жасалынады. Империядағы конфессиялық саясатқа қатысты жазылған еңбектердің көпшілігі жаңа әрі өзекті мәселелерді көрсетеді.

Соңғы жылдары Ресей империясында исламның таралуы және оның мұсылмандарға қатысты мемлекеттік саясатының діни аспектілері көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырып отыр. Сондықтан да Ресей империясының жүргізген діни саясатында Уфада орналасқан Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының рөлі мен маңызы өте үлкен болды. Осы мәселеге қатысты біршама авторлардың пікіріне, олардың тұжырымдарына тоқтала отырып, оның қазақ даласына тигізген әсері де көрсетіледі.

Әлемдік тарихтың қазіргі кезеңіне тән ерекшеліктерінің бірі діни фактор ықпалының негізінде зерттеу кең етек алып келеді. Осы тұрғыда құрамында көп санды мұсылман халықтары орналасқан Ресей империясының діни саясатын зерттеп жүрген шетелдік авторлар империяны күрделі әрі полиэтникалық мемлекет ретінде қарастырады. Алыс шетел зерттеушілерінде империяның әлемдік саясатқа араласу мақсатында діни факторларды алға тартуымен оны «конфессиялық мемлекет» концепциясы тұрғысынан зерттеу сипат алған. Әсіресе, америкалық зерттеушілер діни институттар арқылы Ресей империясының әртүрлі конфессиялық топтарын әлеуметтік реттеудің күрделі процесін көрсетеді. Соның ішінде мұсылмандар үшін ең маңызды парыз болып саналатын қажылыққа бару, оқу-ағарту мәселесімен қатар әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

Түйін сөздер: Ресей империясы, конфессиялық саясат, ислам, қажылық, дін.

K. Kabdoldina

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

The policy of the Russian Empire in relation to Islam: modern foreign historiography

The article analyzes the views of foreign authors on Russia's confessional policy towards Islam. Most of the written works concerning confessional politics in the empire reflect new and urgent problems.

In recent years, the spread of Islam in the Russian Empire and the religious aspects of its state policy towards Muslims have attracted the interest of many researchers. In the religious policy of the Russian Empire, the Orenburg Mohammedan Spiritual Assembly is of great importance. The article analyzes the opinions of a number of authors on this issue and their conclusions, as well as its impact on the Kazakh steppe. One of the characteristic features of the modern period of world history is a broad study based on the influence of the religious factor. In this context, foreign authors studying the religious policy of the Russian Empire, which includes a large number of Muslim peoples, consider the empire as a complex and multi-ethnic state. For foreign researchers, the empire is studied from the standpoint of the concept of a «confessional state» with the aim of interfering in world politics. American researchers, in particular, show the complex process of social regulation of various religious groups in the Russian Empire through religious institutions. Among them, it is necessary to study the performance of the Hajj, which is considered the most important duty of Muslims, along with the issue of education, socio-economic conditions also require special attention.

Key words: Russian Empire, confessional politics, Islam, Hajj, religion.

К. Кабдолдина

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

Политика Российской империи в отношении ислама: современная зарубежная историография

В статье анализируются мнения зарубежных авторов по вопросу о мусульманах в Российской империи. Большинство работ, написанных о конфессиональной политике в империи, отражают новые и насущные проблемы.

В последние годы распространение ислама в Российской империи и религиозные аспекты ее государственной политики в отношении мусульман вызывают интерес многих исследователей. Именно поэтому роль и значение религиозного управления мусульман-оринборцев, находившегося в Уфе, были очень важны в религиозной политике Российской империи. Ориентируясь на мнения ряда авторов и их выводы по данному вопросу, также показано его влияние на казахскую степь.

Одной из характеристик современного периода мировой истории является исследование на основе влияния религиозного фактора. В этом контексте зарубежные авторы, изучающие религиозную политику Российской империи, включающей в себя большое количество мусульманских народов, рассматривают империю как сложное и полиэтничное государство. У зарубежных исследователей империя изучается с позиций концепции «конфессионального государства» с целью вмешательства в мировую политику. В частности, американские исследователи показывают сложный процесс социальной регуляции различных религиозных групп Российской империи через религиозные институты. Среди них особого внимания требуют совершение хаджа, считающегося важнейшей обязанностью мусульман, а также вопрос образования и социально-экономических условий.

Ключевые слова: Российская империя, конфессиональная политика, ислам, хадж, религия.

Кіріспе

Ресей империясы өмір сүру кезеңінде өзінің этникалық, конфессиялық, әкімшілік және мәдени әртүрлілігімен ерекшеленетін мемлекет болды. ХІХ ғасырдың аяғында он төрт миллион мұсылман қауымы Ресей империясының православиелік тұрғындарынан кейінгі екінші орынға ие болды. Бұл кезде ислам факторының ел өміріндегі маңызы әсіресе Ресейдің түркітілдес халқының басым көпшілігі ұлттық және діни ұғымдарды дәстүрлі түрде қабылдағанына байланысты өсті. Империя құрамының әртүрлі ұлттардан тұруы билік иелерінің алдында мемлекеттік құрылым мәселесіне қатысты біршама міндеттерді қойды. Қазіргі тарихнаманы ХІХ ғасыр және ХХ ғасырлар тоғысындағы Ресей империясының мұсылман қауымдастығындағы модернизация процестері үлкен қызығушылықты тудыруда.

Бұл мақалада Ресей империясының саясатындағы ислам мен қажылыққа қатысты қазіргі шетелдік тарихнаманың негізгі тенденциялары қарастырылады. Сонымен қатар, оларға ресейлік авторлардың да, батыстық русистика өкілдерінің де көзқарастарын талдайтын жапондық авторлар да кірді.

Соңғы жиырма жыл ішінде осы мәселеге қатысты бірқатар еңбектер пайда болды және кейбір тарихнамалық қорытындыларды және соңғы тенденцияларды талдаудың уақыты келді. Сонымен қатар, орыс және батыс тарихшыларының Ресей империясының саясатын түсіндірудегі тұжырымдамалық айырмашылықтарын да атап өткен жөн. Мысалға алатын болсақ, осы мәселеге қатысты америкалық ғалымдардың бір тобы сол халықтарды бағындыру мақсатында исламға көңіл бөліну отарлық саясаттың көрінісі екенін айқындайды. Және де сол арқылы әлемдік аренада өз беделін арттыру жолдары да болды.

Ал осы аралықтар ресейлік авторлар ұлттық аймақтардағы ресейлік үстемдікті отаршылдық сипатта түсіндіруден алшақтап отыр.

Мақалада қажылықты ұйымдастыру, инфрақұрылым, сыртқы саясаттағы орны сынды қажылық мәселесінің зерттелу деңгейі де қарастырылады.

Тағы бір назар аударатын мәселе – зерттеудің әдіснамалық негіздері.

Осылайша, Ресей империясының ислам мен қажылыққа қатысты саясатын түсіндірудегі пікірталас, зерттелген және зерттелмеген сәттерді бөліп көрсету қазіргі кезеңдегі отандық ғылымның өте маңызды міндеті болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Мәселені қарастыру барысында Ресей империясындағы ислам дініне қатысты соңғы жиырма жылда жазылған алыс жақын шетелдік авторлардың еңбектері сараланды. Тарихнамалық шолуды құрылымдаудың үш әдісі бар: хронологиялық, проблемалық және әдіснамалық. Ал бұл мақала проблемалық принципке негізделген. Ресей империясының исламға қатысты саясатын зерттеуде түйінді мәселелер анықталды. Ол Ресей империясының исламды қолдау саясаты, көп ұлтты «конфессиялық мемлекет», империя үшін қажылықтың маңызы мен саяси рөлі. Сонымен қатар, пікірталастар пен әдіснамалық тәсілдерге де ерекше назар аударылады.

Нәтижелері және талқылау

Ресей империясының исламды қолдау саясаты

Авторлар қандай да нақты мәселемен айналысса да, Ресей империясының исламға және мұсылман халықтарына қатысты тұжырымдарының сыйпаты мен саясатының өзгерістерін түсіндіруді назардан тыс қалдырмаған.

Қазіргі тарихнамада ғалымдар Ресей империясында мұсылмандарға қатысты саясат әр кезеңде түрлі сипат алып отырды деген пікірде. Олардың айтуы бойынша саясат дінге шектеу қойып, шоқындыруға мәжбүрлеу шаралары жүргізілген тұстарымен қатар Екатерина II-нің исламға қолдау көрсетуіне дейін бірнеше рет өзгеріп отырды.

Бұл мәселеге ерекше назар аударған жапондық ғалым Наганова болды. Ол Ресей империясының мұсылман халқына қатысты үкіметтік саясат тек Екатерина II-нің басшылығымен түбегейлі өзгереді. Патшайым исламды жақтау саясатын қолға алған болатын. Ол үшін тіптен татар халқының арасында «Эби патша» құрметті атағына да ие болған (Наганова, 2005а:112). 1773 жылы императрица Екатерина II-нің жарлығымен конфессиялық толеранттылық, ең алдымен ресейлік мұсылмандарға қатысты заңдастырылды.

Наганова империяның қазақтарға қатысты саясатына да көңіл бөледі. Соның ішінде ол екі маңызды мәселеге тоқталады. Біріншісі: 1782-1785 жылдары татар молдаларын қазақ даласына жіберу және шекара маңындағы аумақтарда мешіттер ашу туралы үкіметтік қаулылар болып табылады. Екіншісі: Ресей империясының

конфессиялық іс-шараларындағы келесі оқиға 1788 жылы Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы болды.

Осы тұрғыда Наганованың пікірінше сол уақыттан бастап Орталық және жергілікті әкімшілік қазақ даласында мұсылман институттарын бақылауды жүзеге асыруға талпыныстар жасады. Бұл құбылыс Ресей империясындағы дін саясатына қатысты үлкен бетбұрыс болды. Отарлық саясаттың бір бөлігі ретінде ендігі кезекте империя ислам дінінің жақтаушыларына айналды (Наганова, 2005б).

Сондықтан да көптеген ғалымдардың Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын зерттеумен айналысуы орынды. Империядағы дін мәселесінің басты көрінісі болғандықтан оның рөлі мен қазақ даласына әсері ғалымдардың ерекше назарында.

Ресей тарихнамасында Д.Ю. Арапов мұсылман халықтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайының ерекшеліктеріне және Ресей императорларының ішкі саясатына байланысты ОМДБ-ны зерттеудің өзіндік дәстүрін құрды десек те болады. Және де зерттеуші мұсылмандарды басқаратын мекемелердің аймақтардағы жағдаймен қаншалықты тығыз байланысты және де жоғары биліктің мүдделеріне сәйкестігін қарастырды.

Мәскеу тарихшысы қозғаған басты мәселе ол империяның барлық кезеңінде мұсылмандарға қатысты саясат әр уақытта қайшылықты жағдайда болды деген қорытындыға келді. Сонымен қатар ОМДБ-ны құру көпұлтты Ресейдің ислам мен мұсылмандардың ресми мәртебесін мойындау ретінде де бағалануы мүмкін екенін айтады (Арапов, 2005: 45). Сонымен қатар Д.Ю. Арапов ел өміріндегі «исламдық» фактордың маңызы әсіресе Ресейдегі түркітілдес халықтар санының өсуіне байланысты болды. Ал олар үшін «ұлттық» және «діни» ұғымдар бірдей мағынада қабылданды. Яғни, «мұсылман заңдарын» ұстанушыларға жату өздерінің этникалық бірегейлігін көрсетудің ең маңызды шарты болып танылды деген тұжырымға келеді (Арапов, 2006: 479).

Бірқатар ресейлік авторлар Ю. Араповтың ОМДБ қызметіне қатысты түсіндірмесін ұстанады деп айта аламыз. Солардың ішінде Е.А. Вишленкова, В.С. Дякин, А.К. Тихонов, Р.Г. Ланда, Р.А. Силантьевтің еңбектерінде де діни толеранттылық мәселелері, мұсылмандарға қатысты конфессиялық саясаттың эволюциясы, 60-70 жылдардағы ОМДБ – ны реформалау жобалары сынды Ресей мемлекетінің ислам

элементімен байланысы жайында жалпы тенденциялар қарастырылады (Вишленкова; Дякин; Тихонов; Ланда; Силантьев, 2002, 1998, 2008, 2009, 2011).

Сонымен бірге империяның мұсылман бағыныштыларымен қарым-қатынасын зерттеуде белгілі бір жалпы модельді іздеумен қатар, рухани басқаруды ұйымдастыру туралы нақты зерттеу мәселелері де тереңдей түсуде. Бұл бағыт өзінің дамуын Татарстан мен Башқұртстан ғалымдарының арнайы жұмыстарынан көрінеді. Осындай зерттеулердің бірі тарихшы Д.Д. Азаматовқа тиесілі. Башқұрт тарихшысы өз жұмысында 1) ОМДБ нақты жүйелі түрде құрылған ұйым болған жоқ. Басқарма мен мұсылман дінбасыларының арасында белгілі бір аймақтарға байланысты үлкен алшақтық болды; 2) Уфадағы рухани басқарманың ахундарға деген әсері өте әлсіз болғандықтан жергілікті билік арқылы әрекет етуге ұмтылды; 3) ОМДБ мұсылмандар үшін империядағы діни толеранттылықтың кепілі болды, ал институтты реформалау мұсылман әлеміндегі тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін еді деген біршама маңызды тұжырымдар жасайды (Азаматов, 1999: 194).

А.Ю. Хабутдинов ОМДБ – ны Ішкі Ресей мен Сібір мұсылмандарын біріктірген жалпыұлттық мекеме ретінде қарастырады. ОМДБ әкімшілік (дін қызметкерін іс жүргізуге тағайындау) және бақылау (дін қызметкері шешімінің күшін жою және түпкілікті шешім шығару) функциялары бар рухани соттың ең жоғарғы органы болды (Хабутдинов, 2010: 160-174).

Осы тұрғыда ОМДБ-ның қалыптасу мәселесіне тереңірек талдау жасаған П. Шаблейді де атап өтуіміз керек. П. Шаблей XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. ортасында қазақ даласындағы қоғамдық – саяси және діни үдерістер контекстінде Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын зерделеу негізінде Ресей империясының аймақтық және конфессиялық саясатын жүзеге асырудағы жан-жақты аспектілерін қарастырды. Және де сол арқылы жекелеген институттардың тарихы мен жергілікті қоғамның діни көзқарастары арасындағы байланысты ашуға мүмкіндік береді (Шаблей, 2013: 36). Құрамында көп санды мұсылман халықтары бар Ресей империясы үшін Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы жергілікті мұсылман халықтарымен байланыс орнатудың негізі көзі ретінде саналды.

Соңғы жылдары ғалымдар Ресей империясының саясатын біржақты бағалаумен қатар саясаттың әртүрлі аспектілерін тереңірек

зерттеуге көшті. Осылайша, империяның құқық саласы да діни мәселелермен байланысты болды. Мұсылман қоғамдары тарихы, Орталық Азия тарихы және Ресей империясындағы ислам құқығы жөніндегі белгілі мамандар Паоло Сартори мен Павел Шаблей қазақ даласындағы жергілікті құқықты кодификациялау процесін қалыптастыруда империялық ықпалдың көрнекі мысалы ретінде қарастырды. Авторлардың пікірінше империя білім жүйесінің жаңа формаларын қалыптастырды (Сартори; Шаблей, 2019: 280). Зерттеу нысаны ретінде олар XIX ғ. 60–70-жылдары Қазақ даласының Ресей империясына қосылу кезіндегі жергілікті құқықтың кодификациялау процессін адат және шарифат нормаларының негізінде анализ жасайды. Кодификация өз кезегінде аймақты отарлық басқарудың қажеттіліктеріне бейімдеу жөніндегі іс-шаралар ретінде болды және ол әртүрлі факторларға байланысты қарама – қайшылықты тұстары да кездесіп жатты. Соның ішінде атап өтетіні ол қазақтардың құқық жүйесі туралы түсініктің әртүрлі болуы еді. Және де оның құрылымы шарифат пен адаттық нормалардың қатынастары сынды мәселелер зерттеушілер үшін бір жақты болмады. Көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде қазақтардың жергілікті құқығын түсіну үшін адат пен шарифат заңдарын екі бөлек қарастырып, оны түсінуде де кейін кедергі тудырты. Ал бұл авторлар шарифат заңдарының қазақ дәстүрлі өмірімен тығыз байланыста болып жатқанын түсіндіруге тырысты.

ОМДБ заңдылығы туралы пікірталасты Стефан Дюдоаньон да көтерді. Оның пікірінше, рухани ұйым қазақ даласына «орыстық» болмаса «татарлық», яғни жергілікті менталитетке жат аппарат ретінде қабылданды деп көрсетеді (Dudoignon, 2001: 59). Стефан Дудойньон өз зерттеулерінде сонымен қатар татар қоғамындағы кадимизмнің мәнін қарастырады. Оның пікірінше, ОМДБ құрылғаннан кейін авторитарлық мемлекет шеңберінде исламдық құқықтық дәстүрді сақтау үшін ұзақ уақыт бойы көптеген адамдарға мұсылман қоғамына тән белгілерді қорғаудың ең берік тірегі болып көрінді.

Ал америкалық тарихшы А. Франк осыған орай Ресей үшін XVIII ғасырдың аяққы кезеңін «исламдық трансформация» деп атауды ұсынады. Алайда оны қарастыруда тек Ресейге қатысты ғана қолдана аламыз, себебі қазақ жері үшін ислам ертеден көрініс тауып отыр (Frank, 2003: 262-263). А. Франктың

пікірінше, Жәңгір хан қайтыс болғанға дейін Бөкей хандығы номиналды түрде Орынбор мұфтиатына ғана тәуелді болған. Зерттеуші сонымен бірге Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының қалыптасуы мен жергілікті мұсылмандық бірегейлік арасындағы байланысты көрсете білді. Франк алдымен Еділ-Орал өңірінің, содан кейін қазақ даласының шығыс бөлігінің үлгісінде ұлттық және қоғамдық бірегейліктің діни негіздері туралы түсінікті ОМДБ пайда болғаннан кейін күшейтіле түсті деп пайымдайды. Уфадағы рухани орталық әртүрлі қоғамдарға өздерін, ең алдымен мұсылман ретінде көруге мүмкіндік берді. Және де автордың пікірінші жалпы татар-башқұрт халқының арасында болған бұл көрініс қазақ жеріне де әсер етті (Frank, 2001a: 287-288).

Ресей империясының исламға қатысты саясатының ең тұтас тұжырымдамасын Пол Верт көрсете білді. Ол ауқымды этноконфессиялық материалдармен жұмыс жасай отырып, мынандай қорытындыларға келеді: 1) Ресей XIX ғасырдың ортасына қарай дәстүрлі династиялық, толық емес ұлттық мемлекет және заманауи отарлық империя сынды мемлекеттік ұйымның бірнеше моделін біріктіретін гибридке айналды; 2) мұсылмандардың діни құрылымы мен иерархиясы Осман империясы мен Орыс Православие шіркеуінің үлгісінде құрылды; 3) XIX ғасырдың бірінші жартысындағы мемлекет пен Ислам арасындағы қатынастар дұшпандық немесе іргелі антагонизмдерден алыс болды. Автордың айтуы бойынша «мұсылман фанатизмі» ұғымы тек XIX ғасырдың ортасында саяси тұрғыда белсенді түрде енгізіле бастады (Werth, 2002: 66-67).

Көп ұлтты «конфессиялық мемлекет»

Ресей империясындағы саяси бетбұрыстың бастапқы себебін америкалық исламтанушы, Коннектикут колледжінің тарихшы- профессоры Айлин Кейннің айтуы бойынша, Ресей өзін православие дінінің нағыз мұрагерлері ретінде санады. XVIII ғасырдың соңында өздерін бүкіл әлемдік православияның жақтаушылары және оларды басқарудың қасиетті құқығы соларға тиесілі деп жариялады. Осының себебінен XIX ғасырдың ортасында Қырым соғысы туындады және де бұл әлсіреп бара жатқан Осман империясындағы христиан халықтарына әсер ету мақсатында Британия және Франция елдерімен саяси бәсекелестік ретінде көрініс тапты (Kane, 2015a).

Ресей империясындағы ислам дініне деген терең қызығушылықтың Қырым соғысынан

кейін қолға алынғаны туралы америкалық ғалым Е. Кэмпбелл да монографиясында «мұсылман мәселесі» деп аталатын мәселені Қырым соғысы кезінде пайда болғаннан бастап 1917 жылғы революцияға дейін зерттейді (Campbell, 2015). Автордың талдау орталығы ретінде орыс қоғамында таралған және мемлекет саясатына тікелей және жанама әсер еткен исламға қатысты идеялар, мүдделер мен қорқыныштардың тұтас кешенін қамтиды.

Ресей империясы кезеңіндегі әртүрлі конфессиялық топтарға қатысты діни саясаттың шетелдік тарихнамадағы көрінісін Роберт Круз бен Пол Верттің еңбектерін салыстырмалы түрде қарастырған жөн. Роберт Круз әлемдік, соның ішінде Ресейдегі ислам және мұсылман институттарын зерттеу саласындағы маман. Пол Верт XVIII – XIX ғ. Ресей империясындағы конфессиялық саясат проблемаларымен, атап айтқанда, әртүрлі діни топтарды басқарудың конфессиялық стратегиялары мен практикалар, православиенің этникалық әртүрлілігімен, миссионерлік саясатпен және т. б. айналысады. Роберт Круз заманауи антропологтар мен тарихшылардың шетелдік империяларды зерттеуіне сүйене отырып, қазіргі еуропалық элита мен шенеуніктер осы дінді ұстанушыларға моральдық шектеулер қоятын универсалды діни тәжірибе ретінде қарастырғанын көрсетеді (Crews, 2014). Америкалық тарихшы сонымен қатар конфессияшілік дауларды реттеудегі мемлекеттік институттар мен шенеуніктердің рөлін көрсетті. Зерттеуші мұсылман қауымдастығының жеке оқшауланбай олардың мемлекеттік билікке белсенді араласқанын көрсетеді. Сондай-ақ, бір діни топтың өкілдері діни қауымдастықты немесе кез-келген діни нормаларды анықтауда өздерінің дінбасыларына қарсы мемлекеттік билікті жиі қолданған. Осылайша, Роберт Круздың зерттеуі пікірталас ретінде танылады. Оның жұмысының негізгі тезисі биліктің мұсылмандардың діни өміріне белсенді араласуы империялық мемлекеттің жаңа бейнесін қалыптастырды (Crews, 2006: 14-26).

Ресей империясының конфессионалдық мәселесін келесі бір америкалық зерттеуші Пол Верт белсенді түрде зерттеп келеді. Пол Верт империяның әр түрлі тұрғындарын басқару және тәртіпке келтіру мақсатында діни топтар яғни, православие, мұсылмандар, католиктер, буддистер арасындағы конфессиялық айырмашылықтарды институционализациялау арқылы конфессиялық негізде шешілгенін айтады

(Werth, 2009). Америкалық тарихшы атап өткендей XIX ғ. Ресей империясы «ұлттық саясатты» діни саясаттың аналогы ретінде пайдаланды. Алайда зерттеуші оларды жеке тұрғыда емес, ортақ бір контекстте қарастырады. Осылайша Ресей империясын бір орталыққа тікелей бағынатын діни әкімшілік органдарды құрды. Ал империядағы саны көп мұсылман халықтарын басқаруда ислам дініне ерекше көңіл бөлу керектігін Джеймс Мейердің «шариғат пен ислам тек сенімнің көрінісі ғана емес, сонымен бірге заң, басқару және мемлекеттік билік» – деген сөзі дәлел бола алады (Meuer, 2014: 211). Себебі империядағы мұсылман халықтары үшін дін сеніммен қатар өмір сүру формасы болды.

Империя үшін қажылықтың маңызы мен саяси рөлі

Ресей империясындағы діни саясатты анықтауда қажылық мәселесі де маңызды рөл атқарады. XIX ғасырдың соңында Ресей империясының үкіметі мұсылмандар үшін маңызды діни парыздардың бірі қасиетті жерге қажылықты ұйымдастырумен айналысты. Осылайша, билік мұсылман халқын бақылауға алуға, оны империялық кеңістікке біріктіруге, сонымен қатар көрші елдердегі ықпалын кеңейтуге тырысты.

XIX ғ. соңы – XX ғ. басында империя құрамындағы халықтардың қажылық сапары жайында Татарстан тарихшысы И.Ф. Шафиковтың еңбегінің маңызы зор. Ол қажылық кезіндегі мұсылман қажыларының күнделікті өмірін қарастыра отырып, оның жаппай құбылысын, бағыттарын, тамақтану, қауіпсіздік, эпидемиологиялық жағдай, сондай-ақ намаз оқитындардың әлеуметтік және экономикалық мәртебесі сияқты аспектілерін ашып көрсетті. Сонымен қатар қажылық ішкі Ресей мен Осман империясының мұсылмандары арасында байланыс орнатуға ықпал етті деген қорытынды жасалды. Алайда, әкімшілік кедергілер, қылмыстың жоғарылауы және қажылық аумақтардағы ауыр климат Меккеге барғысы келетіндердің санын едәуір азайтты деген тұжырымға келеді (Шафиков, 2014: 103-110).

Ю.Н. Гусева XX ғасырдың бірінші жартысында Еділ-Орал өңірі мұсылмандарының қажылық жасау ерекшеліктерін талдайды. Қажылықтың ұйымдастырылу дәрежесіне және осы процесі қиындатқан жағдайларға баса назар аударды. Материалдық тәртіп факторлары мен Кеңес мемлекетінің нақты ұстанымынан басқа, қажылық жасау мүмкіндіктері жергілікті мұсылман дінбасылары ара-

сындағы модернизация үрдістерінің және мұсылмандардың орталық діни басқармасының нақты ұстанымдарының әсерінен де қажылық әлсірей бастады деп көрсетеді (Гусева, 2013: 123-129).

Қажылық дүниежүзілік өркениет дамуының сан алуандығын көрсететін адамзат тарихындағы ең көне құбылыстардың бірі. Ал оның айналасында болып жатқан түрлі қиындықтар да орын алып отырғаны да белгілі. Мәселен, жұқпалы аурулар, жолда түрлі қарақшыларға тап болу, жол көрсету пунктерінде алаяқтардың көптігі сынды мәселелер болды. Осы тұрғыдан орталық азия мұсылмандарының қажылық сапарының ұйымдастырылуы мен басқаруын зерттеп жүрген в.п. литвиновтың тұжырымдарына келетін болсақ. Ол орталық азия мұсылмандарының қажылық сапарының медициналық-құқықтық реттеу тек ресей билігі тұсында ғана енгізілгенін, олар мұсылмандардың қажылық жасайтын «киелі жерлеріндегі» эпидемиялық жағдайды бақылайтын медициналық мекеме желісін ұйымдастырғанын атап көрсетеді. Түлі жұқпалы аурулардың таралу кезінде міндетті түрде орталық азия хандықтарының билігімен келісімге келе отырып, қажылық тоқтатылып отырды. Бірақ тұтастай алғанда, биліктің мұсылмандарға қажылықтың медициналық-эпидемиялық жағдайлары негізінде шектеу туралы нұсқаулары нәтижелерге ие болмады. Себебі олардың көпшілігі қажылықты «ескі тәсілмен», жасырын түрде ресей аймақтық әкімшілігінің назарынан тыс жерлермен баруды жөн көрді. Сонымен автор қорытындылай келе, қажылықтың бастаулары өте тереңде және оның формалары белгілі бір аймақтардың ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болады. Және де ресей мемлекеті түркістан аймағында індет тараған жағдайларды қоспағанда, мұсылмандардың жергілікті қажылыққа баруына тыйым салған жоқ. Ол мұсылмандардың қажылыққа баруына шыдамдылық танытып, эпидемия қаупі кезінде ғана оның алдын алған деген қорытындылар жасайды (Литвинов, 2019: 44).

Қажылық сапарды ұйымдастыру мысалында америкалық тарихшы Айлин Кейн халықаралық контекстке ерекше назар аудара отырып, Ресей империясы мен КСРО-дағы исламға деген көзқарасты егжей-тегжейлі талдайды. Оның монографиясында империялық қажылықтың тарихы жаһандық тарихтың бір бөлігі ретінде пайда болады. Ресей Империясы халқының этникалық, тілдік, мәдени және діни тұрғыдан

ерекше әртүрлілігін көрсете отырып, оның ішінде XX ғасыр басында мұсылмандар санының Осман империясынан да көп екендігін атап өтеді. Империяның кең көлемде отарлау жүйесінің нәтижесінде XIX ғасырда Меккеге апаратын жол Ресей елінде де көріне бастады. Осылайша XIX ғасырда қажылықтың төңірегінде дипломатиялық мәселелер шешіліп жатты. Сонымен қатар оған үлкен әсер еткен Ресей империясындағы транспорттық жолдар салудағы модернизациясы болды. XIX ғасырдың соңында империя қол астындағы елдерден де басқа Ауғанстан, Парсы, Қытайдан да мыңдаған мұсылмандар Ресей жерімен Қаратеніз арқылы Меккеге бару жолдарын тандады.

Автор қажылықты «жаппай ұжымдастыру, жұмылдыру» феномені ретінде анықтай отырып, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы глобализация процестерінің Ресей империясына әсерін көрсету және сонымен бірге Ресей саясатының жаһандық өлшемін, оның ұстанған позициясын анықтау міндетін қойды. Ресей империясы қажылықты қолдау үшін 1840 жылдары пайда бола бастаған халықаралық инфрақұрылымға ерекше назар аударды. Ал оларға негіз бола алатын тұстарын қажылық сапардың жолдарында орналасқан консулдықтарды атауға болады. 1900 жылдардың басында олардың ауқымы Одессадан Бомбейге дейін созылып, Константинопольде, Джиддада, Кербеле және Бағдад қалаларында да жұмыс істеді. Құрылған инфрақұрылым, автордың пікірінше исламды басқару және мұсылмандарды олардың адал бағыныштыларына айналдыру жөніндегі империялық жобаның ғаламдық өлшемі болды. Сонымен қатар исламды басқару арқылы басқа да алып империялармен жарыс, өзін әлемдік аренада көрсету болды деп есептеуге болады. Себебі, жаңа заманға дейін қажылық өте бай адамдарға ғана қол жетімді болған. Миллиондаған мұсылмандар Меккеге заманауи көліктің дамуымен ғана баруға мүмкіндік алды. Ал ол өз кезегінде отаршылдық дәуірмен тығыз байланысты. Осылай дәл сол қажылықты жаппай үрдіске айналдырған еуропалық державалар болды. Ең алдымен бұл Британияның Үндістанға қатысты саясаты, тура сондай жағдайда Франция Солтүстік Африка үшін және де Түркістан мен Закавказияны жаулап алғаннан кейін Ресей империясында көрініс тапты.

Автор «орыс қажылығы» феноменін империализмнің жаһандық тарихы контекстінде қарастырады. Оның басқаруымен XIX ғасырдың аяғында жер шарының мұсылман халқының

басым бөлігі тек Персия, Ауғанстан және Осман империясынан басқа елдерді отарлаудан тұрды.

Барлық Еуропа елдері қажылыққа байланысты жаппай миграцияға алаңдаушылық білдіре отырып оның нашар басқарылатынын айта келе, автор өзі жасаған екі жақты қауіпті деп атап өтеді. Еуропалықтар үшін мұсылмандардың жаппай қозғалысы, біріншіден – індеттің таралуы. Екіншіден, панисламизмнің таралу қаупін тудырды деген идея. Бұл жерде ескере кететін факт, еуропалық христиандар үшін Мекке қаласына кіруге рұқсат жоқ. Ал ол өз кезегінде саяси тұрғыдан әрине көптеген күмәндар тудырады. Ең алдымен саяси тұрғыдан қауіптеніп отырып, оларды өз бақылауынан шығармауға тырысты. Осы жерде ескере кететін жайт, қажылардың халық арасында беделді болғанын атап өту қажет. Билік иелерінің де саяси идеология жағынан қауіптенуі де орынды құбылыс.

Кейін сонымен қатар көптеген тарихнамада кеңінен таралған исламға қатысты империялық саясаттың басты мақсаты мұсылмандарды өздерінің діни және рухани жағынан ортақ шетелдіктерден оқшаулау саясаты болды деген пікірге қарсы. Еңбекте көрсетілгендей, Ресей керісінше қажылыққа демеушілік жасау арқылы мұсылмандарының жан жақты болуын қолдады. Автор шет аймақтардағы өз бағыныштыларын басқарып қане қоймай, оның тек интеграция құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге отарлау саясатының бір бөлігі ретінде түсіндіреді.

Автор «қажылық инфрақұрылымын» құру тарихын 1840 жылдардан бастайды. Ол Закавказьеден басталып, Анадолы арқылы Дамаск пен Бағдадқа өтетін ежелгі бағытты сипаттай келе, сол жерден түрік сұлтанының нұсқауымен жабдықталған керуендер арқылы Мекке мен Мединаға барғанын сипаттайды. Дәл осы кезеңде Ресей мемлекеті жол бойындағы консулдардан сапар барысында көмек пен қолдау сұрай отырып, қажылық мәселесіне жиі араласа бастайды. XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресей қажылықты қолдаудың жүйелі саясатын жүргізе бастады. Бұл ең алдымен трансимпериялық инфрақұрылымның құрылысында көрініс тапты. Қажылық инфрақұрылымын автор географиялық ауқымы кеңейген сайын түбегейлі өзгерістерге ұшыраған дамып келе жатқан жүйе ретінде анықтайды.

Қажылық жергілікті елдердің өміріне де біршама өзгерістер әкеліп отырды. Одессада қажылардың болу маусымы қаншалықты қысқа болса да, автор осы кезеңде қаланың

өмірі айтарлықтай өзгерді деп жазады. Қаланы экзотикалық киінген адамдар саны көбейіп, негізінен орыс тілінде сөйлемейтін көпшілікке қызмет көрсету салаларының пайда болуы туралы да жазады. Сартардың наны пісіріліп, мұсылман тағамдары дайындалды бастады. Жергілікті қонақ үйлерде бірнеше апта бойы төлқұжаттар мен пароходта орын күтуге мәжбүр болған қажылар орналасып жатты. Күнделікті өмірде билеттерді жеңілдікпен сатып алуға көмектесетін аудармашылар, пароходтық агенттер және әрине түрлі алаяқтар да өз қызметтерін ұсынған көріністер орын алып жатты. Тіптен мұсылман мазарлары да пайда бола бастаған (алайда 1930 жылдары барлығы қиратылған).

Автор соңында қорытындылай келе Ресей империясы қажылықты империялық интеграция мен экспансияның құралы ретінде сәтті қолданды. Сонымен қатар, империя Арабияға қажылық сапарлары негізінде жүзеге асырылған исламдық жаһандық байланыстардың арқасында беделге ие болды деген тұжырым жасайды (Kane, 2015b: 280).

Империядағы исламға қатысты мәселеде оқу-ағарту, білім жүйесі және әсіресе жергілікті халыққа тигізген әсерін анықтау да мұқият назар аударуды қажет етеді. Соладың ішінде жергілікті аудандарға байланысты исламдық институттардың материалдық және адами жақтарын зерттеуге тырысқан Аллен Франктың еңбектерін қарастырып өтеміз. Оның көзқарасы бойынша орыс билеушілері мұсылман қауымдастықтарына заңды исламдық статус берген (Frank, 2001b: 117). Мысалы, мешіттер мен мектеп, медреселер сонымен қатар, мұсылмандық рухани элиталар. Оларды автор жергілікті сауатсыз молдалардан айырмашылығы мен бір-біріне қарсылықтарын да көрсетуге тырысқан. Соның ішінде автордың терең қарастыратыны, ислам институттарының әлеуметтік функцияларын: қаржыландыру, қажылыққа бару мәселесін күнделікті өмір тұрғысынан қарастырды.

Ал империядағы мұсылман халықтарының ағартушылық мәселесі жөнінде Мұстафа Туна да, Агнес Кефели ислам ғалымдарының зияткерлік сабақтарының кең географиясы мен жергілікті білім беру арасындағы байланысты қарастырады. Діни ағартушылар алыс мұсылман елдеріне саяхаттай отырып, әсіресе XVIII ғасырдың аяғынан XIX ғасырдың ортасында Хижаз және Египет сияқты Осман империялары арқылы шет елдермен байланыс орнатқан. Олар

сопылық шеберлер мен шәкірттер және қажылық тізбектері арқылы желілер құрып, туыстық байланыстар, хаттар мен діннің даулы мәселелері бойынша пікірталастар арқылы байланыстарды нығайтты (Tuна, 2015). Туна сонымен бірге 1860 жылдары Ресейдің әлеуметтік және материалдық жағдайында басталған «теңіз өзгерістерін» алға тартты. Ресей сол кездегі жаһанданған әлемдік нарықтарға тез қатысатын Батыс Еуропа прогрессінің соңғы үлгісі ретінде атап өтеді (Kefeli, 2014).

Осылайша жан – жақты талқылауға тырысқан шетелдік авторлар Ресей империясындағы діни саясаттың күрделі әрі маңызды болғанын көрсете білді. Соңғы жылдары қарқынды зерттеліп келе жатқан бұл сала ғылымда кең түрде талқылануда және зерттеушілердің әлі де қызығушылын арттыру үстінде.

Қорытынды

Осылайша біз шетелдік тарихнамадағы зерттеушілердің Ресей империясының ислам қоғамына қатынасын және мұсылман халықтарына ерекше назар аудару саясатының мемлекеттік маңызын қарастырдық. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресейдің индустриалды қоғамға біртіндеп тартылуына және мұсылман ортасына жаңа модернизацияға енуіне байланысты ел тұрғындарының арасында ұлттық ояну күшейе түсті.

Өзінің исламға қатысты ұстанған саясатында бақылауды күшейту жолдарының бірі ол Уфа қаласында мұсылман халықтарына арналған орталықтандыратын мекеме ашу болды. Ал бұл мәселеде зерттеушілердің пікірлер бірнеше топқа бөлінеді. Әсіресе ресейлік ғалымдар мұсылмандардың ресми мәртебесін мойындап, оларға жасалған құрмет деп қарастырды. Алайда ресми мекеменің мұсылман халықтарын іштей және сырттай бақылап отыратын күш ретінде қарастыратын зерттеушілердің саны басым. XVIII ғасырдың соңында құрылған бұл басқарма империя үшін мұсылмандардың ішкі өмірімен танысуға зор мүмкіндік болды. Және де өз саясатын айқындай маңызды рөл атқарды.

Зерттеушілердің бір бөлігі жаңа замандағы Ресей империясын конфессиялық негіздерге құрылған саясат жүргізгенін көрсете алды. Билік православиелік дінді күштеп енгізуге емес, оны қорғаушы және заң шығарушы реттеуші ретінде әрекет ететін конфессиялық топтардың шекараларын құруға және қолдауға бағытталған болды. Сонымен қатар зерттеушілердің жұмыс-

тары Ресей тарихын зерттеудегі реформация және контрреформация дәуіріндегі Еуропадағы діни процестерді және империялық субъектілерді басқарудағы діни фактордың рөлін сипаттайтын конфессионализация тұжырымдамасының тарихнамадағы проблемаларын дамыту тұрғысынан да өзекті. Ресейдің сыртқы факторларымен қатар ішкі жағдайдың да біршама үлкен орын алғаны әрине зерттеушілер назарынан тыс қалған жоқ. Қазақстан, Орта Азия және Кавказ жерлерінің империя қол астына өтуі өз кезегінде мұсылмандар санының өсуіне алып келген. Ал ол халықтардың тұрмыс-тіршілігі, сана-сезімдері исламмен тікелей байланысты болды. Оны түсіну мақсатында ресей патшалығы түрлі заңдар мен жобалар қабылдай отырып, ішкі жағдайды толық зерттеуге көшті. Осы мақсатта қажылық саясатты қолға ала отырып, оның төңірегінде инфрақұрылымның пайда болуына алып келгенін және соған қатысты саясаттың жан – жақты болғанын көре аламыз.

Бұл мәселені жаһандық контекстте қарастырған зерттеушілер тобы қажылық саясатты халықаралық қарым-қатынастар орнатуда ерекше рөл атқарды деп көрсетеді. Соның негізінде

өзін әлемдік алып империялардың қатарына қоюға тырысты. Осы тұрғыда Ресей империясын исламды басқару арқылы басқа да алып империялармен жарыс, өзін әлемдік аренада көрсету мақсаттары да болды деп есептеуге болады. Себебі, жаңа заманға дейін қажылық өте бай адамдарға ғана қол жетімді болған. Миллиондаған мұсылмандар Меккеге заманауи көліктің дамуымен ғана баруға мүмкіндік алды. Ал ол өз кезегінде отаршылдық дәуірмен тығыз байланысты. Осылай дәл сол қажылықты жаппай үрдіске айналдырған еуропалық державалар болды. Ал Ресей мұсылман халықтарын діни тұрғыдан қолдай отырып, сол әлемдік державалармен тең дәрежеге түсуді жоспарлай келе отарлық мемлекеттерде өзіндік саясатын жүзеге асырды.

Сонымен қарастырып өткен зерттеу еңбектерінен исламға қатысты діни саясатының әр кезеңде түрлі сипаттарға ие болып, империяның құрамындағы халықтарды басқару құралы болғанын көре аламыз. Зерттеушілердің, әсіресе америкалық авторлар діни саясаттың этноконфессиялық сипат ала отырып, оның күрделі құрылымнан өткеніне тұжырымдар жасайды.

Әдебиеттер

- Арапов Д.Ю. (2005). Система государственного регулирования ислама в Российской империи (последняя треть XVIII – начало XX в.): дис. ... д-ра ист. наук. М. С. 45.
- Арапов Д.Ю. (2006). Императорская Россия и мусульманский мир (конец XVIII – начало XX в.): Сб. материалов. М.: Наталис. С. 479.
- Азаматов Д.Д. (1999). Оренбургское магометанское духовное собрание в конце XVIII – XIX вв. Уфа: Гилем. 194 с.
- Вишленкова Е.А. (2002, 1998, 2008, 2009, 2011) Заботясь о душах подданных: религиозная политика в России первой четверти XIX в. Саратов. С-312; Дякин В.С. Национальный вопрос во внутренней политике царизма (XIX – начало XX вв.). СПб.; Тихонов А.К. Католики, мусульмане и иудеи Российской империи в последней четверти XVIII – начале XX в. СПб.; Силантьев Р.А. Мусульманская дипломатия в России: история и современность. – Москва.; Ланда Р.Г. Россия и мир российского ислама. М. 320 с.
- Гусева Ю.Н. (2013). Хадж мусульман Волго-Уральского региона в первой трети XX века: к постановке проблем // Известия Уфимского научного центра РАН. №2. С.123-129.
- Dudoignon Stephane A. (2001). Status, strategies and discourses of a Muslim “clergy” under a Christian law: polemics about the collection of the zakat in late Imperial Russia // *Islam in politics in Russia and Central Asia, early 18-th – late 20-th centuries* / ed. Stephane A. Dudoignon and Hisao Komatsu. London: New York. P. 59.
- Crews R.D. (2006). *For prophet and tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia*. – Cambridge, Massachusetts. London, England. P. 14, 20, 26, 95.
- Campbell E. (2015). *The Muslim Question and Russian Imperial Governance*. Bloomington: Indiana University Press. 320 pp.
- Crews R.D. (2014). *The Russian Worlds of Islam* // Motadel D. (ed.). *Islam and the European Empires*. P. 40.
- Kane E. (2015) *Russian hajj: empire and the pilgrimage to Mecca*. – Ithaca: Cornell univ. Press. 241 pp.
- Kefeli A.N. (2014). *Becoming Muslim in Imperial Russia: Conversion, Apostasy, and Literacy*. Ithaca, NY: Cornell University Press. 312 pp.
- Литвинов В.П. (2019). Исторический опыт Российского государства в организации и регулировании паломничества мусульман Средней Азии (1865-1917 гг.) Автореферат дисс... уч. степени доктора исторических наук. 07.00.02 – Отечественная история. – М. 44 С.
- Meyer J. (2014). *Turks across Empires: Marketing Muslim Identity in the Russian Ottoman Borderlands, 1856–1914*. New York: Oxford University Press. 211 p.
- Наганова Н. (2005). Мусульманская община как источник и цитадель Татарского традиционализма // Материалы Всероссийской научно-практической конференции. Казан. 112. С.

Сартори. П., Шаблей. П. (2019). Эксперименты империи: адат, шариат и производство знаний в Казахской степи. Москва: Новое литературное обозрение. 280 с.

Tuna M. (2015). *Imperial Russia's Muslims: Islam, Empire, and European Modernity*. New York: Cambridge University Press. 292 p.

Frank Allen J. (2003). Islamic transformation on the Kazakh Steppe, 1742-1917: Towardan Islamic history of Kazakhstan under Russian rule // *The Construction and deconstruction of national histories in Slavic Eurasia* / Ed. Tadayuki Hayashi. Sapporo. P. 262-263.

Frank Allen J. (2001). *Muslim Religion Institutions in Imperial Russia: The Islam World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910*. Leiden-Boston-Koln. pp. 287-288.

Хабутдинов А.Ю. (2010). Три формы автономии мусульман Волго-Уральского региона: религиозная, национально-культурная, территориальная (конец XVIII – начало XXI в.) Казан.: Мир ислама. № 2. С.160-174.

Шаблей П.С. (2013). Оренбургское магометанское духовное собрание в общественно-политической и религиозной жизни населения казахских степных областей (1788-1868 гг.): Автореферат дисс... кандидата исторических наук: Специальность 07.00.02/Отечественная история. Челябинск. 36 с.

Шафиков И.Ф. (2014). Путь в Мекку: Будни российских паломников (конец XIX – начало XX века) // Учен. зап. Казан. ун-та. Сер. Гуманит. науки. №3. С.103-110.

Werth P. (2002). *At the Margins of Orthodoxy. Mission, Governance and Confessional Politics in Russia's Volga-kama Region, 1827-1905*. Ithaca-London. P. 12, 123, 177-178, 180.

Werth P. (2009). The institutionalization of confessional difference 'Foreign Confessions' in Imperial Russia, 1810-1857. Доклад был представлен на конференции «Research and Identity: non-Russian Peoples in the Russian Empire, 1800 – 1855». pp. 152 – 172.

References

Arapov D.U. (2005). *Sistema gosudarstvennogo regulirovaniya islama v Rossiiskoi imperii (poslednia tret' XVIII – nachalo XX v.)* [The system of state regulation of Islam in The Russian Empire (the last third of the XVIII – early XX century.)]: dis.d-ra ist. nauk. Moskva. S. 45.

Arapov D.U. (2006). *Imperatorskaya Rossia i musul'manskii mir (konets XVIII – nachalo XX v.)* [Imperial Russia and the Muslim World (late XVIII – early XX century)] Moskva. S. 479.

Azamatov D.D. (1999). *Orenburgskoe magometanskoe dughovnoe sobranie v kontse XVIII – XIX vv.* [Orenburg Moham-medan spiritual Assembly at the end of the XVIII – XIX centuries] Ufa:194 s.

Vishlenkova E.A. (2002, 1998, 2008, 2009, 2011) *Zabotayas' o dushe poddannyykh religioznaya politika v Rossii pervoi chetverti XIX v.* [Taking care of the souls of subjects: Religious Policy in Russia in the first quarter of the XIX century.] Saratov. S.312; Di-yakin V.S. *Nacional'nyi vopros vo vnutrennei politiki tsarizma (XIX – nachalo XX vv.)* [The national question in the internal policy of tsarism (XIX – early XX centuries).] Sankt – Peterburg. S.314. Tixonov. A.K. *Katoliki, musul'mane I iudei Rossiiskoi imperii v poslednei chetverti XVIII – nachale XX v.* [Catholics, Muslims and Jews of the Russian Empire in the last quarter of the XVIII – early XX century.] Sankt – Peterburg. Silant'eva R.A. *Musul'manskaya diplomatiya v Rossii: istoriya I sovremennost.* [Muslim Diplomacy in Russia: History and Modernity.] Moskva. S 244. Landa R.G. *Rossia I mir rossiiskogo iskama.* [Russia and the World of Russian Islam] Moskva. S 320.

Guseva U.N. (2013). *Hadj musul'msn Volgo – Ural'skogo regiona v pervoi treti XX veka: k postanovke problem* [Hajj of Muslims of the Volga– Ural region in the first third of the XX century: towards the formulation of problems] // *Izvestia Ufimskogo nauchnogo centra RAN.* №2. S 123-129.

Dudoignon Stephane A. (2001). *Status, strategies and discourses of a Muslim "clergy" under a Christian law: polemics about the collection of the zakat in late Imperial Russia* // *Islam in politics in Russia and Central Asia, early 18-th – late 20-th centuries* / ed. Stephane A. Dudoignon and Hisao Komatsu. London: New York. P. 59.

Crews R.D. (2006). *For prophet and tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia.* – Cambridge, Massachusetts. London, England. P. 14, 20, 26, 95.

Campbell E. (2015). *The Muslim Question and Russian Imperial Governance.* Bloomington: Indiana University Press. 320 pp.

Crews R.D. (2014). *The Russian Worlds of Islam* // Motadel D. (ed.). *Islam and the European Empires.* P. 40.

Kane E. (2015) *Russian hajj: empire and the pilgrimage to Mecca.* – Ithaca: Cornell univ. Press. 241 pp.

Kefeli A.N. (2014). *Becoming Muslim in Imperial Russia: Conversion, Apostasy, and Literacy.* Ithaca, NY: Cornell University Press. 312 pp.

Litvinov. V.P. (2019). *Istoricheski opyt Rossiiskogo gosudarstva v organizatsyi I regulirovanii palomnichestva musul'man Srednei Azii (1865-1917 gg.)* [The Historical Experience of the Russian state in Organizing and regulating the pilgrimage of Muslims of Central Asia (1865-1917)]. Aftoreferat diss... uch. stepeni doktora istoricheskikh nauk. 07.00.02. – Otechestvennaya istoria. Moskva. 44 s.

Meyer J. (2014). *Turks across Empires: Marketing Muslim Identity in the Russian Ottoman Borderlands, 1856–1914.* New York: Oxford University Press. – 2014. – 211 pp.

Naganawa N. (2005). *Musul'manskaiya obshina kak istochnik I tsitadel' Tataeskogo traditsionalizma. Materialy Vserossiskoi nauchno-prakticheskoi konferentsyi* [The Muslim community as a source and citadel of Tatar traditionalism. Materials of the All-Russian Scientific and Practical Conference]. Kazan. 112 s.

Sartori. P., Shabley P. (2019). Eksperimenty imperii: adat, shariat i proizvodstvo znaniy v Kazakhskoi stepi [Empire Experiments: Adat, Sharia and Knowledge Production in the Kazakh Steppe]. Moskva: Novoe literaturnoe obozrenie. 280 s.

Tuna M. (2015). Imperial Russia's Muslims: Islam, Empire, and European Modernity. New York: Cambridge University Press. 292 pp.

Frank Allen J. (2003). Islamic transformation on the Kazakh Steppe, 1742-1917: Towardan Islamic history of Kazakhstan under Russian rule // The Construction and deconstruction of national histories in Slavic Eurasia / Ed. Tadayuki Hayashi. Sapporo. P. 262-263.

Frank Allen J. (2001). Muslim Religion Institutions in Imperial Russia: The Islam World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910. Leiden-Boston-Koln. P. 287-288.

Khabutdinov A.U. (2010). Tri formy avtonomii musul'man Volgo-Ural'skogo regiona: religioznaya, natsional'no-kul'turnaya, territorial'naya (konets XVIII – nachalo XXI v.) [Three forms of autonomy of Muslims of the Volga-Ural region: religious, national-cultural, territorial (late XVIII – early XXI century)]. Kazan: Mir islama. №2. S. 160-174.

Shabley P.S. (2013). Orenburgskoe magometanskoe dukhovnoe sobranie v obshestvennopoliticheskoi i religioznoi zhizni naseleniya kazakhskikh stepnykh oblastei (1788-1868 gg.) [Orenburg Mohammedan Spiritual Assembly in socio-political and religious life of the population of the Kazakh steppe regions (1788-1868)]. Aftoreferat diss...kandidata istoricheskikh nauk. 07.00.02. – Otechestvennaya istoria. Chelyabinsk. 36 s.

Shafikov I.F. (2014). Put' v Mekku: Budni rossiiskikh palomnikov (konets XIX- nachalo XX veka) [The Way to Mecca: Everyday life of Russian pilgrims (late XIX – early XX century)]. // Uchen.zap. Kazan. Universiteta. Seriya. Gumanitarnykh nauk. №3. S. 103-110.

Werth P. (2002). At the Margins of Orthodoxy. Mission, Governance and Confessional Politics in Russia's Volga-kama Region, 1827-1905. Ithaca-London. P. 12, 123, 177-178, 180.

Werth P. (2009). The institutionalization of confessional difference 'Foreign Confessions' in Imperial Russia, 1810-1857. Доклад был представлен на конференции «Research and Identity: non-Russian Peoples in the Russian Empire, 1800 – 1855». P. 152 – 172.